

## Көшені қайта атау туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Ғ. Мұратбаев ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 13 сәуірдегі № 21 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 14 сәуірде № 8294 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 - бабының 4) тармақшасына және Облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 3 қорытындысына сәйкес Ғ.Мұратбаев ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазалы ауданы, Ғ.Мұратбаев ауылдық округі, Ғ.Мұратбаев ауылындағы "Батыс" көшесі "Әбен Жұмашұлы" есімімен қайта аталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*А. Рыстығұл*